

Қарқаралы ауданында 2016 жылға арналған салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлерін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы XLIV сессиясының № 44/391 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 қаңтарда № 3637 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарқаралы ауданында 2016 жылға арналған салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлері, осы шешімге қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

Р. Смагулов

Аудандық мәслихат хатшысы:

С. Нуркенов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарқаралы ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің
басшысы

Г. Бейсенбаев

24 желтоқсан 2015 жыл

Қарқаралы аудандық мәслихатының
2015 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 44/391 шешіміне
қосымша

Қарқаралы ауданында 2016 жылға арналған салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлері

№	Салық салу объектісінің атауы	Айына тіркелген салық ставкаларының мөлшерлері (айлық есептік көрсеткіштер)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	5
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	7
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	4

4.	Ойын жолы	7
5.	Карт	5
6.	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК